

Абдрасилова Г.З., Бұхаев Ә.Н.

**Адами капитал
қалыптастырудағы
ұлттық рухани мұраның рөлі**

Мақалада Қазақстандық білім беру жүйесіндегі мәдени-әлеуметтік және рухани мәселелердің астарында жатқан «адами капиталдың» негізгі қырлары талданды. Мақала авторлары инновациялық технологиялар әлемі құшағындағы студент жастар бойында біртұтас дүниетаным қалыптастырудың – адами капитал қалыптастырудағы басымдық екеніне назар аударады. Адам потенциалын капиталға айналдыру – ақпараттық қоғамдағы өндірістің маңызды да басты факторы. Осы салаға жеткілікті инвестиция жасау – кез-келген ұлттың экономикасының басымдығына айналуға. Өйткені түпкі мақсат – адамға несиеленген бастапқы құннан да артық кіріс келтіретін, адам қабілеттерінің өзіндік өсімі болып отыр. Мақала авторлары аталмыш үдерісте ұлттық философиялық мұраның тағылымдық мәні шешуші рөл атқаратындығын тұжырымдайды.

Түйін сөздер: адами капитал, технологиялық мәдениет, позитивті интеграция, ұлттық инновация жүйесі.

AbdrasilovaG., BuhayevaA.

**The role of national spiritual
heritage in the formation of
human capital**

The article analyzes the main aspects of the socio-cultural problems of modern higher education, in particular, the problem of forming a holistic world view among students in the eclectic world of pluralism and integration of IT. The article in Kazakhstani educational, cultural, social and spiritual problems in a context of “human capital” of the main aspects analyzed. The authors of the article in the world dreamed of innovative technologies for the formation of a single world view of young students that priority attention is given to the formation of human capital. Capitalization of human potential - a key factor in the importance of the information society. Sufficient investment in this sector has become a priority in any of the nation’s economy. After all, the ultimate goal - people were financed more revenue than the original, is the ability of self-growth. The authors of the article, the value for the process of national philosophical heritage plays a key role in formulating.

Key words: world view, higher education, human capital, innovative technologies, tehnologic cultural heritage, information society.

Абдрасилова Г.З., Бұхаев А.Н.

**Роль национального духовного
наследия в формировании
человеческого капитала**

В статье проанализированы социокультурные проблемы казахстанской системы образования и ключевые аспекты человеческого капитала. Авторы статьи обращают внимание на то, что формирование целостного мировоззрения студенческой молодежи в век инновационных технологий является приоритетом и в формировании человеческого капитала. Трансформация человеческого капитала в человеческий капитал – ключевой фактор производительности информационного общества. Достаточное инвестирование в этот сектор становится приоритетом экономики любой страны. Так как конечная цель – человеческий капитал – это самовозрастание способностей человека, позволяющих создавать большую стоимость, чем первоначально была вложена в человека. Авторы статьи указывают, что национальное философское наследие в этом процессе играет решающую роль.

Ключевые слова: мировоззрение, человеческий капитал, технологичная культура, позитивная интеграция, национальная инновационная система, информационное общество.

АДАМИ КАПИТАЛ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МҰРАНЫҢ РӨЛІ

Бүгінгі таңда өз өндірісінде табиғи ресурстарды аз мөлшерде тұтынатын, есесіне, қазіргі заманғы технологияларға, ғылыми құндылығы жоғары өндіріске, біліктілігі жоғары мамандарға ие ел алдыңғы қатарға шығуда. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы білім мен ғылым маңыздылығының артуының сипаты осындай, «адами капитал» теориясымен түсіндірілуде.

Білім өздігінен экономикаға тасымалданбайды. Ғылыми зерттеулерге, жоғары білімнің өнімдеріне салынған инвестиция олардың оңтайлы қайтарым беретіндігіне кепілдік емес. Ғылыми-техникалық білімнің барынша пайда әкелуі үшін ұлттық инновация жүйесін зерделеп, «адами капитал» теориясын насихаттауға және іске асыруға бағытталған ұйымдарды кешенді жүйе шеңберінде дамыту қажет. Адам потенциалын капиталға айналдыруды көздейтін адами капитал ақпараттық қоғамдағы өндірістің маңызды да басты факторы, ал оған жеткілікті инвестиция жасау – кез-келген ұлттық экономиканың басымдығына айналуға.

Америкалық ғалым-экономистер Теодор Шульц пен Гэри Беккердің еңбектерінде қоғам мен жанұяның, экономикалық дамудың маңызды факторы ретінде сипатталатын «адами капитал» ұғымы отандас әріптестеріміздің түсіндірмесінде қысқа да нұсқа анықтамаға ие болып, адамға несиеленген бастапқы құннан да артық кіріс келтіретін, адам қабілеттерінің өзіндік өсімін бейнелеуде [1].

Адамзаттың өресі өсіп, саналы әрекеттің ықпалы қоғамға жағымды әсер әкелуі – өмірлік заңдылық. Адамның дүниені тану мүмкіндігі кеңейіп, сана өзгергеннен кейін өмірге жаңашылдық еңбек. Озық қоғамның мұраты – өз азаматтарын әлеуметтендіру, өмірге бейімдеу. Жаңашылдық орын алған дүниеде адам, азамат қоғамға оңай бейімделе түспек. Кез-келген қоғам бір ғана мақсат үшін өмір сүреді. Ол – адамды мәдени тұрғыдан дамыту. ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам және технологиялық мәдениет дәуірі. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушылардың өзіндік санасын, ойлау қабілетін дамыту, шығармашылығы мен құндылық бағдарларын ұштау арқылы қоршаған дүниеге дұрыс бейімдеу [2].

Жалпы мүдделердің келісімінсіз гумандылыққа, демек, өркениетке қол жетпейтіндігін өмір көрсетуде. Жас ұрпақ тәр-

биесі, патриотизм мен азаматтық қауымдастық – нәзік те аса қымбат құбылыс. Елімізде бұл саладағы мәдени-әлеуметтік мәселелер жеткілікті. Ұлттық құндылықтарымыздың құнсыздануына дәлел болатын келеңсіздіктерді күнделікті естіп-көрудеміз. Қоғамымыз, мемлекет өз азаматтарының жай-күйіне алаңдаулы.

Қоғамның ыдырап, мемлекеттің құлауы ғылым мен техникадағы артта қалушылықтан емес, рухани тозудан, шынайы құндылықтардың жалған үндеулер мен алмастырылуынан басталады [3]. Ұлттық мәдениет, тарихи таным өздігінен, таза жерде пайда болмайды. Бұл ерекше сезімді жас ұрпақ бойына егіп-ендіріп, дамытатын – дарынды тәрбиешілер. Сапалы тәрбие нәтижесінде уақыт пен заман позитивке байып, адамзаттың баянды өмірге, ұзақ тіршілікке үміт-сенімі молая түседі.

Еліміздің білім беру саласындағы іске асырып жатқан жаңа бағдарламасы асқақ мақсаттарды көздейді. Олар: электронды оқулықпен қамтамасыз ету, ұлттық деңгейдегі сапа бақылауы, ұстаз біліктілігін Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша жоғарылату мақсатындағы жаңа жүйелер ұйымдастыру, академиялық икемділік, жоғарғы оқу орындарында берілетін білім деңгейін арттыру. Жаңа технологиялар баршаны: оқушыларды, олардың ата-аналарын, қоғамды, ұстаздар қауымын – түгел қызықтыруда.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Интерактивті технология («inter»-«бірлесу», «act»-«әрекет жасау») құралдарының көмегімен өтілетін сабақ барысында мұғаліммен оқушы бірін-бірі толықтырып, үдеріске бірдей қатысуына және шығармашылықпен қатар айналысуына жол ашылууда.

Ұзақ уақыт такта алдында сөз сөйлейтін дәріс берушіге Ғаламтор көмекке келуде. Оқу материалы енді жылдам, көрнекі түрде түсіндірілуде. Ақпараттық технологиялар арқылы пән тақырыбының ақпараттық көлемі ұлғайып, оқыту үдерісі ықшамдалып, сабақтар түрлі формаларда жүргізіліп, нәтижелілік артуда. Көрнекі, қызықты, мағыналы мазмұн оқушылар есінде жақсы сақталып, өтілген материалды қайталаудың қажеттілігі ығыстырылуда. Мұғалім уақыты үнемделіп, оқушылар белсенділігіне, өз бетінше жұмыс істеуіне (рөлді қойындарға, пікір сайыстарға, топтық жұмыстарға) жеткілікті уақыт артылууда. Интерактивтілікті пайдаланудағы тиімділікке – оны сабақ мақсатына сәйкес қолданып, сауатты жоспарлау арқылы қолжетуде [4].

Бүгінгі таңда компьютерлік технология қолданылмайтын кәсіби жұмыс, қоғамдық өмір жоқ. Қазіргі уақытта e-learning (электронды білім алу) әлемдегі жетекші құбылысқа айналууда. Оқушылар мен студенттер компьютерден кітап оқып қана қоймайды. Электронды оқулық түрлі және қызықты ақпарат береді, адамдармен қарым-қатынас орнатуға және сұрақтар қоюға бейімдейді. Мультимедиялық технологиялар білім алушыны баурай түсуде. Білімді игеру нәтижелері таңғалдыруда: e-learning қолданылатын дамыған елдерде білім үлгерімі 15-20% көтерілуде. Оқушылар өмірге жақсы білім қорымен енуде.

Еліміздегі барлық оқу орындары осы бағдарламамен қамтамасыз етілуде. Сол арқылы білім беру жоғарылап қана қоймай, қала мен ауыл арасындағы білім сапасы жүйеленуде. Оқушы қай елді мекенде тұрғанына қарамастан, электронды оқулық материалымен толық қамтамасыз етіліп, оқу үдерісі тоқтаусыз жүруде.

Дереккөздері елімізде миллионнан астам сандық білім ресурстары бар екенін хабарлауда. Олар: электрондық оқулықтар, бейнесабақтар, электронды кітаптар түріндегі қорлар. Бұған дейін мұғалім – бірден-бір, жалғыз білім көзі болса, қазір олай емес. Мұғалім статусы өзгерді. Ол енді нағыз ақиқат жолды білетін және жол сілтейтін бедел емес.

Интерактивті қордың молдығына қарамастан Ұстаз рөлі төмендемек емес. Керісінше, сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштап, жеке тұлғаның өзіндік санасын қалыптастырып, өз-өзіне сенімділігін, жауапкершілігін дамыту жолдарын іздестіретін, сол арқылы тұлғасын дамытуға, қабілетін арттыруға ықпал жасайтын – ұстаз.

Оқушы алдындағы оқу материалы түпсіз терең. Адастырып та, батырып та жіберетін шытырман. Тереңге тұншықпай, шытырманнан жол табуға бейімдейтін – ұстаз. Ақиқатты бірге іздесіп, бірге адасып, тәжірибесімен бөлісетін, қателесуден, қателескенін мойындаудан қорықпайтын жолсерік. Сонысымен – бедел. Өз пәні бойынша үйретіп қана қоймай, қажетті ақпаратты қалай іздеп, қалай табуды, құндылығына көз жеткізуді, ақпарат тасқынының пайдасызын, қажетсізін ығыстыруды үйрететін шебер.

Қалыпты, дәстүрлі сабақ түріне тиым салынған жоқ, салынбайды да. Жаңа білім құралдарымен қаруланған мұғалім интерактивті материалды дәстүрлі тәсілмен қатар өрнектеп, нәтижелі үдеріске айналдыруды өзі жоспарлайды. Түпкі нәтиже өзіне ғана байланысты. Амал-тәсіл таңдауда еркін. Ал еркіндік – жауапкершілік. Еркіндік көбейген сайын жауапкершілік ұлғаяды. Есесіне шығармашылық артады.

Жаратылыстық ғылыми білім, нақты пәндер, арнайы курстар студентті маман ретінде дайындайды. Әйтсе де мамандық иесі атану адамды азамат, тұлға ете алмайды. Азаматқа айналу – әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы, бетпе-бет, көзбе-көз әңгімелесу арқылы іске асады. (Мысалы, ежелгі заманның өзінде Сократ «тікелей, көзбе-көз сұқбатсыз философия жоқ» деп санаған). Философия өмір мәні жайлы, парызы, еркіндігі мен жауапкершілігі жайлы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Гуманитарлық пәндер интерактивті инновациялық әдістер арқылы адам бойында өз өміріне жауапкершілік танытатын, ойлай алатын тұлғаны қалыптастырады. Гуманитарлық мәдениетке бейімделмеген адамның қандай да бір бағдарлама шеңберінде ғана әрекет ете алатын құлтемірден айырмашылығы болмайды [5].

Бүгінгі таңда нанотехнология, биотехнология, ақпараттық және когнитивтік технологиялардың конвергентті дамуы арқылы адамзаттың болашағына төніп тұрған қауіп-қатерлермен қатар адам мен қоғамды өзгерту, түрлендірудің бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктері ашылуда.

Жаратылыстану ғылымдары жоғары сұранысқа ие болып, жемісті нәтижелерге қол жеткізіп жатқанымен, гуманитарлық ғылымның үлесі сырт көзге көрінбесе де, аса маңызды. Руханилықты, тәрбиелілікті, адамдар арасындағы, қоғамдағы қатынастарды адам бойына үйлесімді сіңіретін, әрбір адамның өзіндік жүзеге асуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар болып табылады. Ол білімнің тапшылығы әсіресе, бір қоғамдық құрылымнан екіншіге ауысқан өтпелі қоғамда айрықша байқалады.

Ұрпақтар арасындағы рухани байланысты күшейтудің басты шарасы – экономикалық табыс пен пайданың түпкі мақсат емес екенін түсіну, ұғындыру. Басты мақсат – интеллектуалдық потенциалымызды толығымен пайдаланатын, дамуға, өзара пайдаға негізделген позитивті интеграциялық процесті дамытуға мән беру [6]. Мәдени-интеллектуалдық және тарихи құндылықтарымыздағы жалғастылықты, сабақтастықты сақтау.

Мәдениет арасындағы ашықтық пен тығыз байланыс – жақсы. Алайда жат мәдениеттің төл мәдениетімізді құлдыратуына, ұлттық болмысымыздың сипаттарын жоюына жол беруге болмайды. Бұл ақын М.Шаханов айтқандай, космополиттік қоғамға айналу - әрбір ұлттың төл ерекшеліктерінің сабақтастығының ұлт санасынан өшуі, яғни ұлттымыздың жойылуы.

«Жаһандану» термині ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан тарады. Ол «шекарасыз әлем», «біртұтас әлем» мағынасын береді. Жаһанданудың қазіргі заманғы қоғамдарға мәдени тұрғыда тікелей жаңа серпін беруі ұлттың мәдени саналуандық проблемасына тікелей ықпал етіп, бізге бұрын белгісіз болған алапаттар мен соларға шара қолданудың жаңа тәсілдерін табуды талап етуде.

Мәдени ықпалдастыққа арналған шекаралардың ашықтығы, бұқаралық ақпарат құралдары қуатының шексіздігі, әсіресе ғаламды «виртуалды деревняға» айналдырған телевизияның теңдессіз әсері, және адамзат баласының бұрынсоңды болмаған әлеуметтік мобильділігінің ауқымдылығы нәтижесінде мәдениеттердің асимляциясы, басқа мәдениетке сіңіп кету қаупі бүгінгі қазақ ұлтына шындап төнуде.

Жаһандану құбылысы міндетті түрде бірыңғай (біртұтас) мәдениет құруды талап етпесе де, зерттеулер көрсеткендей ол, космополитті және мәдени біркелкілікті, бұқаралықты, ұлттық мәдениеттердің, әсіресе әлемдік аренада бекіп үлгермеген, басым емес мәдениеттердің шекараларын жою үрдісін енгізіп отыр. Тап қазір өмір сүріп жатқан ұрпақтың бірыңғай жаһандық стереотиптік санада ойлауы – ұлт сабақтастығының үзіліп, тамырсызданған космополиттік тұлғаға айналуын бейнелейді. Жаһандану құбылысының ұлтты жоюға арналған миссиясы осындай.

XXI ғасыр – интеграциялар ғасыры. Интеграциялар үдерісі – бүгінгі күні әлемдік дамудағы тенденциялардың бастысына айналуға мұндай сипат ТМД республикаларының барлығына тән құбылыс. Өзара интеграциялық бірлестіктерге топтасудың басты себебі екеу. Біріншіден, демократия – ашықтыққа, компромиске негізделген қоғам. Тұйықталу, изоляция – әлсіздіктің, үрейдің белгісі. Мұндай принципті басшылыққа алатын қоғамның өмірі ұзақ болмасы анық. Қазақстан ондай топқа жатпайды. Қазақстан – өз мәдениетін насихаттап, өзгені қабылдай отырып дамығысы, күшейгісі келетін жаңа сипатты мемлекет.

Жаһанданудан ұлттық мәдениетті сақтау – жаһандануға қарсы тұруда емес, жаһандануды пайдалануда болмақ. Қарсыласатын болсақ Жаңа әлемнен, жаңа дүниелерден қол үзіп қаларымыз анық. Конфуций: «Жел тұрғанда ақымақ адам пана болатын жер іздейді, ал парасатты адам желді пайдаланып жел диірменін тұрғызды» деген екен. Демек, ұлттығымызды паш ететін ерекшеліктерімізді жаһандануға бейімдеп, ұлттық сананы күшейте түсуіміз қажет.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын мысал етуге болады. Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, жалпы жаңарған ұлттық рухты аман алып қалу жолында әрекеттенуі қажет.

«Мәдени мұра» бағдарламасы жаһандану заманында жасанды, виртуалды әлемде жоғалып кетпеу, өз төлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалу үшін маңызды болып отыр. Сондықтан бүгінгі Қазақстан – өз отандастарын тарихи дәстүрлерін сақтай отырып жалпы өркениетке қол жеткізуді мемлекеттік тұрғыда қарастырып, көздеп, нақты жоспарлар құрып, шаралар жасап жатқан ел.

Бейбітшілікті, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдегі адамзаттық болмыстың шынайы рухани негіздерін сақтау – мәдениет пен руханият арқылы іске асатыны даусыз. Әрбір ұлт өзінің мәдени мұрасын жоғары деңгейде қадірлеген сайын ол әлемдік жұртшылық алдындағы, Ұлы адамзат тарихы алындағы мәртебесін биіктете түседі. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын болады. Адамзаттың бай рухани әлеміне, адамдардың санасы мен ізгілікті еркіне деген сенім бізге өмір сүруге және болашаққа жоспар құруға негіз береді.

Қоршаған әлемді, адами өмірді түрлі ұғымдар, түсініктер, көркем бейнелер арқылы рухани игеруге ұмтылмайтын, даналық тағылымдарды қордаламайтын тарих толқынындағы халық та, ұлттық мәдениет те болмайды. Ол саланы қадірлемеу, оның философиялық байыбына жетуге тырыспау этностың рухани құлдырауына, әлеуметтік дағдарысына алып келуі мүмкін. Сондықтан дүниені әмбебап кейіпте танып-білуге, өрнектеуге талаптанатын философиялық дүниетаным кез-келген мәдениет үшін, тарихи кезең үшін адамгершілік, гуманизм ұстындарын тарататын маңызды феноменге айналады [7].

Қазақ халқы даналыққа құштар халық, философия оның өмір сүру және өркендеу формасы болып табылады. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында орасан зор рухани байлық, даналық

тағылымдары болғаны және қазір де бар екені белгілі. Мәселе сол рухани дүниені жүйелі түрде, кәсіби сараптаудан өткізе отырып келесі ұрпаққа жеткізе білуде. Бұл – біздің рухани парызымыз.

Осы мағынада бұрын жеткілікті назар аударылмай келген философиялық танымның ұлттық типіне барынша ыждағаттылықпен назар аударыла бастады, тарихтың «ақтаңдақтары» болып келген көптеген жаңа ойшылдар мен шығармаларға жаңа түсініктемелер де беріліп үлгірілді. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға таныту, бәсекеге қабілетті тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық-дүниетанымдық және дәстүрлі этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, рухани жағынан толық жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік ең жоғары кісілік мазмұнмен байытқан философия. Қазақ философиясы дегенде оның ежелгі түркілік рухани-мәдени бастауларын, халықтық және кәсіби формаларын айтқан дұрыс. Қазақ халқының бай философиялық мұрасын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру формасы ретінде түсініп, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы бай философиялық-дүниетанымдық мазмұнды ашып көрсету үшін оны герменевтикалық және компаративистік тәсілдердің көмегімен қайта саралады.

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғұмар Қарашев, Мәшһүр Көпеев және тағы басқа даналар ой еркіндігін өздерінің дүниетанымының басты ұстындарының бірі етті, сөйтіп халыққа жаңа, ұлттық ояну философиясын ұсынды.

Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру тек тәуелсіздік жағдайында ғана толық іске аспақ, ал оның негізгі мақсаты тұлғаның рухани қалыптасуын іске асыруда, ұлттық сана мен рухты ояту, оны тәуелсіздік жолындағы жасампаздық іске қосу, сөйтіп, еліміздің рухани тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Әлемдік философияның, яғни Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістаннан басталып, қазіргі Батыс Еуропалық постмодерндік философияға дейінгі ғұламалар шығармаларының озық үлгілері

болып есептелетін антологиялық ұстынмен жинақталған үзінділер мен тарауларды оқырмандарға ұсынудың астарында жастардың философиялық мәдениетін көтеру мақсаты жатыр, сонымен қатар жоғары оқу орындарында жетіспей келген мемлекеттік тілдегі оқу құралдарының орнын толтыру мүддесі алға қойылған; екіншіден, бұрын жеткілікті деңгейде қолға алынбай келген күрделі философиялық мәтіндерге аударма жасау мәселесі жолға қойылып, елімізде философия саласында кәсіби аудармашылар корпусы қалыптасты және олар өзара біріге қызмет атқарудың арқасында көптеген философиялық терминдерге ортақ, бірізді баламалар тауып та үлгірді. Мәселен, «глобализация» деген ұғымды жаһандану деп, менталитет деген ұғым діл деп айтылса, разум – зерде, рассудок – пайым деген кейіпте қолданысын таба бастады. Осындай терминологиялық базаны нығайту мақсатын қойған ғылыми тұрғыдағы қадамдар мемлекеттік тілдің еліміздегі қолдану аясын кеңейтуге, оның мағыналық, ұғымдық жағынан алғанда лингвистикалық қауқарын тереңдетуге барынша игілікті ықпалын тигізді. [7].

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – ұлттық рух пен ұлттық намыс оятып,

ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеруге, жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Еркін ойлау қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақын-жыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау – қазақ ойшылдарының негізгі ұстыны. Еркін ойлау адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі кешенді саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болды [7].

Елдік мұратымыздың бастысы – озық ел болу. Озықтықтың басты шарты – сапалы білім. Сапа – өнімнің белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру мен талаптарға сәйкес келу қабілеттілігін сипаттайтын қасиеттердің жиынтығы. Адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болған философиялық мұралардың дүниетанымдық тағылымы бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген халқымыздың қайта жаңғырып, мәдени, рухани өркендеп дамуына, Қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясын дамытуына мол септігін тигізери сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Мұхамеджанова А.Г. Человеческий капитал Казахстана: формирование, состояние, использование. – Алматы, НИЦ «Ғылым», 2001. – 274. 2. Тәжібаева З. Оқыту үдерісінде интерактивтік әдістерді тиімді пайдалану. Worldteacher 11.03.2013
- 3 Бурханов А. Основные тенденции развития мировой науки // Казахстан в глобальных процессах. – 2005. – № 2 (4). – С. 142. 4. Тәжібаева З. Оқыту үдерісінде интерактивтік әдістерді тиімді пайдалану. Worldteacher
- 5 Тулегенова М.С. Социально-экономические факторы инновационного развития Казахстана // Қазақстанның ұлттық бәсекеге қабілеттілігі: теориясы, тәжірибесі, болашағы. Қазақстан Республикасының 15 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, 7-8 желтоқсан 2006 ж. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 4.1. – 222-225 бб.
- 6 Аршинов В.И., Лебедев М.В. Постнеклассическая рациональность, виртуалистика и информационные технологии // Философские науки. 2007. – №7.
- 7 Нысанбаев Ә. Философиялық мұра және тұлғаның рухани қалыптасуы. // «Қазақ мәдениетінің ділдік рухани тұтастығы» атты Қазақстан Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы, – Алматы. – 2013.

References

- 1 Muhamedjanova A. Chelovecheskii capital Kazahstana: formirovanie, sostojanie, ispolzovanie. – Almaty, NICIA «Gylym», 2001–274.
- 2 Tajibaeva Z. Okytu yderisinde interaktivtyk adisterdi tiimdi paydalany. Worldteacher | 11.03.2013
- 3 Burhanov.A. Osnovnye tendencii razvitia mirovoy nauki// Kazahstan v globalnyh processah. 2005. – № 2 (4). – С. 142.
- 4 Tajibaeva Z. Okytu yderisinde interaktivtyk adisterdi tiimdi paydalany. Worldteacher | 11.03.2013
- 5 Tulegenova M.S. Socialno-ekonomicheskie factory innovacionnogo razvitia Kazahstana// Kazahstannyn ulttyk basekege kabilettiligi: teoriasy, tajiribesi, bolashagy. Kazahstan Respublikasynyn 15 jyldygyna arналган halykaralyk gylymi- tajiribelik kofe-renciasynyn materialdary, 7-8 jyltoksan 2006 j. Almaty: «Kazak universiteti», 2006-4.1- 222-225 bb.
- 6 Arshinov B.I., Lebedev M.B. Postneklacisheskaa raciaonalnost, virtuaistika, I informacionnye tehnologii// Hilosofskie nauki, 2007 №7.
- 7 Nysanbaev A. Filasofialyk mura jane tulganyn ruhani kalyptasuy// « Kazak madinietinin dildik ruhani tutastygy» atty Kazahstan Respublkalyk gylymi- teoriayk konfencianyn materialdar jinagy. – Almaty. – 2013.

Алтаев Ж., Амиркулова Ж.

**Қазақ философиясының
методологиялық негіздері**

Мақалада қазақ философиясын зерттеудің методологиялық негіздері сарапталды. Қазақ философиясының көп ғасырлық тарихы мен мәдени-рухани әлемі, дүниетанымдық ерекшеліктері мен дәстүрлерін зерделеу, бойлау және оларды танымдық мағынада игеру мәселелері қарастырылды. Қазақ философиясын зерттеудегі кемшін тұстар мен заманауи үрдістері, төлтума ұғымдарын оңтайлы қолдану үдерістері мақалада айтылады. Қазақ дүниетанымдық әлеміндегі этикалық принциптер негізінен адамаралық қатынастарды реттеп, игі көкжиектердің үлгілерін ұсынатыны байыпталды. Мәдениеттің, философияның, салт-дәстүрдің дамып өзгеруі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайлардың дамып өзгеруімен де тығыз байланыстылығы көрсетілді. Қазақ философиясының калыптасуы және оның миф, дін, көркемдік ойлаудан бөлініп шығуы қазақ философиясының ең өзекті мәселелерінің бірі екені проблема ретінде көтеріледі.

Түйін сөздер: философия, қазақ философиясы, методология, философия тарихы, руханилық, этика.

Altayev Zh., Amyrkulova Zh.

**Methodological bases
kazakh philosophy**

The article presents an analysis of the methodological bases of research of the Kazakh national philosophy. Features of outlook and philosophical heritage studied through the prism of epistemological problems, rooted in the long history of culture and spirituality of the Kazakh people. The attention is focused on the challenges and priorities of the study of tradition and modern trends in the Kazakh philosophy, exemplify regulation of relations between people, based on universal ethical principles of the spiritual world of the Kazakhs. Development of culture, philosophy, traditions and customs is directly dependent on the socio-economic and socio-political development. In conclusion, substantiated the urgency of philosophical understanding of the modern world in the context of the differentiation of philosophy from these forms of social consciousness like mythology, religion, ideology.

Key words: Philosophy, Kazakh philosophy, methodology, history of philosophy, spirituality, ethics.

Алтаев Ж., Амиркулова Ж.

**Методологические основы
казахской философии**

В статье представлен анализ методологических оснований исследования казахской национальной философии. Особенности мировоззрения и философское наследие исследуются через призму гносеологических проблем, укорененных в многовековой истории культуры и духовности казахского народа. Акцентируется внимание на трудностях и приоритетах изучения традиций и современных тенденций в казахской философии, приводятся примеры регулирования отношений между людьми на основе универсальных этических принципов духовного мира казахов. Развитие культуры, философии, традиций и обычаев находится в прямой зависимости от социально-экономического и общественно-политического развития. В заключении обосновывается актуальность философского осмысления современного мира в контексте дифференциации философии от таких форм общественного сознания, как мифология, религия, идеология.

Ключевые слова: философия, казахская философия, методология, история философии, духовность, этика.